

## Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 351 "Ақтөбе облысының су объектілерінде ортақ су пайдаланудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 19 маусымдағы № 433 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 маусымда № 6269 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2025 жылғы 27 тамыздағы № 246 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихаттың 27.08.2025 № 246 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 364-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-2-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4685 тіркелген, 2016 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

1. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 351 "Ақтөбе облысының су объектілерінде ортақ су пайдаланудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4685 тіркелген, 2016 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе облысының су объектілерінде ортақ су пайдаланудың Қағидаларын мынадай мазмұндағы 12-1 тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында халыққа шомылу жүзеге асырылмайтын келесі жерлер айқындалсын:

1) шлюздерге, гидроэлектростанцияларға, ағынды суды жіберетін орындарға, малдардың тұрағына және суарылатын жерлерге және басқа да ластау көздеріне,

сондай-ақ жоғарыда көрсетілген ластау көздеріне кемінде 500 метр жақын ара қашықтықта;

2) температурасы төмен жер асты сулары шығатын, су ірімдері мен шұңқыр жерлерде;

3) судың ағысы секундына 0,5 метрден асатын жерлерде;

4) сазбалышты участекерде, сондай-ақ қолайсыз және қауіпті табиғи факторлары бар кезде (жағалауы жайпақ, құлама жарсыз және шұңқырсыз, ал су айдынының түбі құмды, шылаусыз, балдырысыз, бұталарсыз және үшкір тастарсыз болуға тиісті).".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың  
сессия төрагасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Б. БЕРКІМБАЕВ*

*С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК